

Хабарландыру

«ALAYGYR GOLD» ЖШС ҚР ЭК 73-бабының талаптарына сәйкес, 19.03.2026 жылы «Абай облысының Жарма ауданында өнімділігі жылына 600 мың тонна тотыққан алтыны бар кендерді үймелі шаймалау учаскесін салу» объектісіне ықтимал әсерлер туралы есеп жобасы бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар:

- сағат 11: 00-де Жарма ауданы, Шалабай ауылы, Ж.Масалим көшесі, 13 мекенжайы бойынша;

- сағат 14: 00-де Жарма ауданы, Өуезов кенті, М. Сәдуақасов көшесі, 90В мекенжайы бойынша өтетінін хабарлайды.

Солнечное ауылының тұрғындары арасынан қоғамдық тыңдауларға қатысушыларға трансфер ұйымдастырылады. Жол жүруді ұйымдастыру үшін мына нөмірге қоңырау шалуыңызды сұраймыз: **+7 707 778 74 20.**

Жобалық құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің (ҰДБ) сайтында <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында қолжетімді.

Ескертулер/ұсыныстар ҰДБ сайтында, сондай-ақ «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30 мекенжайында, rirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru, **+7(707)7514558** тел. бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ТЖ және (немесе) шектеу іс-шаралары енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясының идентификаторы: 879 3034 2206

Кіру коды: N6j0Yb

Белсенді сілтеме ҰДБ және ЖАО сайттарында ұсынылады.

Қосымша ақпаратты жоспарланған қызметтің бастамашысы – «ALAYGYR GOLD» ЖШС-дан алуға болады. БСН: 160640011266. Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 73а үй, 308 кеңсе, **тел: +77077787420. Эл.мекен-жайы: amir.ryskeldinov@mail.ru.**

Объявление

ТОО «ALAYGYR GOLD» сообщает, что, в соответствии с требованиями статьи 73 ЭК РК, 19.03.2026 года состоятся общественные слушания в форме открытого собрания по проекту отчета о возможных воздействиях к объекту «Строительство участка кучного выщелачивания окисленных золотосодержащих руд, производительностью 600 тыс тн/год в Жарминском районе Абайской области»:

- в 11:00 ч по адресу: Жарминский район, с.Шалабай, ул. Ж.Масалима, зд. 13;

- в 14:00 по адресу: Жарминский район, п.Ауэзов, ул. М.Садуақасова, 90В.

Участникам общественных слушаний из числа жителей с. Солнечное предоставляется трансфер. Для организации проезда просьба обращаться по номеру: **+7 707 778 74 20.**

Проектная документация доступна на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов (НБД) <https://ndbecology.gov.kz/>, а также на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай».

Замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте НБД, а также по адресу: г. Семей, ул. Турлыханова, 30 ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Абай», rirodnnye_resursy_obl.abay@mail.ru, **тел. +7(707)7514558.**

В случае введения ЧП и (или) ограничительных мероприятий, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме.

Идентификатор конференции ZOOM: 879 3034 2206

Код доступа: N6j0Yb

Активная ссылка будет предоставлена на сайтах НБД и МИО.

Дополнительную информацию можно получить у инициатора намечаемой деятельности - ТОО «ALAYGYR GOLD». БИН: 160640011266. г. Алматы, Алмалинский район, ул. Төле би, дом 73А, офис 308, **тел: +77077787420. Эл.адрес: amir.ryskeldinov@mail.ru.**

Хабарландыру

"ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ СПОРТТЫҚ РОБОТОТЕХНИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫ "ҚАЗРОБОТИКС" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫННЫҢ

Жарғысы жоғалды,

БСН: 160941015671.

Жоғалған Жарғы жарамсыз деп танылсын.

Объявление

Утерян Устав

ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОГО ОБЛАСТНОГО ФИЛИАЛА РЕСПУБЛИКАНСКОГО ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ «КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ И СПОРТИВНОЙ РОБОТОТЕХНИКИ «КАЗРОБОТИКС»», БИН: 160941015671.

Утерянный Устав считать недействительным.

Еңбектеген баланың дені сау болып өседі

Ата-аналардың көпшілігі баласының еңбектегеннен гөрі тезірек жүріп кеткенін қалайды. Өйткені бала еңбектеген кезде қолын да, тізесін де кірлетеді әрі ауыртып алады деп уайымдайды. Ал ол пікірді дәрігерлер құптамайды. Дәрігерлердің айтуынша, еңбектеу - баланың дұрыс жүріп-тұруына, ойлау қабілетінің дамуына, дұрыс өсуіне септігін тигізеді екен. Сонымен еңбектеу несімен пайдалы екеніне назар аударайық.



Еңбектеу кезінде баланың аяқ-қолдары бір уақытта қимылдап, миы үнемі жұмыс үстінде болады. Оң қолы алға жылжығанда сол аяғы қимылдайды. Ал сол қолы қимылдағанда керісінше оң аяғы жұмыс істейді. Бұл кезде баланың қан айналымы жақсарып, денесі шынығады. Еңбектеген бала ширақ болып өседі. Бала тезірек жүруді үйренсін деп төрт аяқты арбаға мінгізеді немесе

үстін кірлетіп, қол-аяғын былғамасын деп манежге салып қояды. Баланы бұлай шектеу мүлде дұрыс емес. Ешқашан баланы қымтап, қамап тәрбиелей алмайсыз. Еңбектеу кезінде баланың иық бұлшықеттері қозғалыста болады. Бұл кезде күштің бәрі қолға, иыққа, көкірек жасушаларына түсіп, оны қуатты етеді. Сонымен бірге көздің жақыннан көруін жақсартып, ертеңгі күні баланың кітап, газет-журнал

оқуына, жазып, сызуына жақсы көмек береді.

Баланың дұрыс өсіп-жетілуін қаласаңыз біраз жайттарды ескеріңіз:

↓ баланы бөлеменің;
↓ көбінесе ішімен жатқызыңыз;

↓ бөлмені жиі-жиі желдетіп, ылғалдандырып тұрыңыз;

↓ бөлменің ауасын бір қалыпты ұстаңыз;

↓ аяқ-қолдарын еденде басып жүретіндіктен оны төсенішсіз қалдырмаңыз.

Баланы еңбектеуге қалай үйрету керек?

1. Кеңістікті шектемеңіз. Бала еңбектеуді үйрену үшін кең әрі таза жер керек. Манежге салып қоймаңыз. Өз еркімен бөлмеде жүруіне жағдай жасаңыз.

2. Еденді дайындаңыз. Еденнің үстіне кілем төсеп қойыңыз. Лиолеум мен паркетте баланың аяқ-қолдары сырғанап,

еңбектеуге мүмкіндігі болмайды.

3. Барлық бөлмелерге бір-бір ойыншықтан немесе баланы қызықтыратын заттар қойыңыз. Бала соған жету үшін талпынады.

4. Еңбектенуге үйретіңіз. Егер бала жатса немесе отырса, онда қолы жетер-жетпес жерге ашық түсті ойыншық қойыңыз. Бала соны алу үшін әрекет етеді.

5. Қауіпті заттарды жоғарыға қойыңыз. Бала еңбектейтін бөлмеде артық заттардың болмағанын қадағалаңыз.

6. Балаға қалай еңбектеу керектігін көрсетіңіз. Оның көкірегінен ұстап жоғары көтеріңіз де қозғалуға үйретіңіз. Өзіңіз де еңбектеп көрсетсеңіз, бала соны қайталайды.

7. Жаттығу жасаңыз. Балаға міндетті түрде күн сайын жаттығу жасау керек. Ол баланың бұлшық еттерін қатайтады әрі тезірек еңбектеуге, жүгіруге үйретеді.

Дәрісіз денсаулық

Мейіздің жүрекке пайдасы

Мейіз жүректі нығайтып, жүйкені тыныштандырады. Адам өзін жайсыз, мазасыз сезінген кезде бір уыс мейізді түні бойы салқын суға салып қойып, таңертең ашқарында ішу керек. Мұндай сусын жүректің жұмысын жақсартып, бұлшықеттерді қатайтады. Емдік курсқа 2 келі мейіз қажет. Оны жақсылап жуып, іріктеп, кептіреді. Бір келі мейізді күнделікті 40 түйірден пайдаланады. Сусынды ішкен соң жарты сағаттан кейін ғана таңғы асты қабылдайды. Ал екінші келі мейізді бастағанда бірінші күні – 40 түйір, екінші күні – 39 және осылайша күніне бір түйірден азайтып, 1 түйір қалғанға дейін емді жүргізеді.



Жеміс шырыны бәріне бірдей пайдалы емес

Жаңа сығылған жеміс шырынының құрамында дәрумендердің жақсы сақталатыны, оның пайдалылығы жайлы білеміз. Алайда денсаулығында ақауы бар кейбір адамдар үшін шырын түрлерінен бас тартуға тура келеді. Сондай-ақ шырынның мөлшерін де шектеу керек. Сау адамның өзі күніне 1 литрден артық ішпегені жөн.



қандар үшін томат шырыны және барлық қышқыл шырындар зиян.

* Қырыққабат шыры-



ны асқазанның шырышты қабатына пайдалы, бірақ асқазан ауырған кезде оны ішпеген жөн.

